

ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР СТУДЕНТТЕРГЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

КИМЭП Университеті ерекше қажеттіліктері бар студенттерге білім алудың бірдей мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге тырысады. Университеттің саясатына сәйкес, ерекше қажеттіліктері бар бірде-бір адам кез келген бағдарламада оқудан немесе Университет өміріне қатысудан шектетіле алмайды, немесе кез келген бағдарламаның артықшылығынан немесе қызмет түрімен қолдану мүмкіндігінен айырыла алмайды. Осыған орай КИМЭП Университеті төмендегі ережелерді енгізді:

- КИМЭП Университетінде ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларды кемсітудің кез келген түріне тыйым салынады.
- КИМЭП Университеті оқуға жеткілікті біліктілігі бар ерекше қажеттіліктері бар тұлғалар үшін баға беру кезінде жеке әдіс пен дұрыс жағдайлар ұсынады.

Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларды анықтау

1. Осы ережелердің мақсаты бойынша ерекше қажеттіліктері бар тұлғалар өмірлік маңызды функциялардың біреуін немесе бірнешеуін едәуір шектейтін физикалық, психологиялық және/немесе басқа медициналық кемістігі бар тұлғаларды атайды; аталмыш тұлғаның осы кемістігіне медициналық растамасы болуы керек немесе сондай кемістігі бар тұлға деп саналуы керек
2. Осы ережелердің мақсаты үшін оқуға жеткілікті біліктілігі бар, бірақ шектеулі физикалық мүмкіндіктегі тұлға ерекше қажеттіліктері бар тұлға деп анықталады, ол білім беру бағдарламасы және Университет қызметінің ауқымында оқуға түсу және оқу үшін академиялық және техникалық талаптарға сай деп табылады.

Мақсатты аудитория

Академиялық қолдауды алу үшін ерекше қажеттіліктері бар студент КИМЭП Университетінің Медициналық орталығына жүгініп, жарамды құжаттамаларды куәландыру үшін тапсыруы қажет. Жарамды құжаттамаларды тапсырмаған жағдайда, ерекше қажеттіліктері бар студенттерге академиялық қолдау көрсетілмейді.

Аталмыш қызмет көрсету түрін алатын студенттер төменде көрсетілген кемістіктердің бір немесе бірнешеуі орын алған жағдайда терапевт немесе басқа тар көлемді маманның тексеруінен өтуі керек.

- Қозғалу қабілеті бұзылған жағдайда (есту немесе сөйлеу қабілеті)
- Оқу қабілетінің шектеулі мүмкіндіктері
- Жүре болған бас сүйек-ми зақымдары
- Оқу қабілеті дамуының кідірісі

- Психологиялық шектеулер
- Жүктілік
- Академиялық үлгерімге теріс әсер ететін басқа созылмалы немесе денсаулыққа байланысты шектеулер

Медициналық куәландыру

Құжаттаманы ерекше қажеттіліктері бар тұлғаның отбасы мүшесі болып келмейтін тиісті мамандар дайарлауы керек.

Құжаттаманың жасалған мерзімі бір жылдан аспауы тиіс. Құжаттар талап етілген шарттарға сай және толық болуы керек. Егер қажет болса, түпнұсқа толық емес немесе ерекше қажеттіліктері бар дәрежесін анықтау үшін жеткіліксіз болса, Университет өзінің қарастыруы бойынша қосымша құжаттарды талап етуге құқылы.

Құжаттама және құпиялылық

Студенттер академиялық қолдау алуға сұрау салу аясында, Университетке берілген медициналық ақпараты әрекет етіп тұрған заң және Университеттің саясатына сәйкес құпия медициналық ақпарат болып табылады. Осындай ақпарат қызмет бабы бойынша аталмыш ақпаратты алу үшін уәкілдігі бар тұлғаларға ғана беріледі. Аталмыш құпия ақпарат Медициналық орталықта басқа құжаттардан бөлек сақталынуы қажет. Осы жазбалар ресми транскрипттерден және оқу тізімдемелерінен бөлек мұрағатталуы керек. Ерекше қызмет көрсету мақсатындағы кеңес берушілер дайындаған барлық құжаттар КИМЭП Университетінің меншігі болып қалады.

Оқуға қабылдау туралы ереже

КИМЭП Университеті оқуға түсуші ерекше қажеттіліктері бар студенттерге ешқандай кемсітушілік көрсетпейді. Құжаттарды қабылдау кезінде ерекше қажеттіліктері бар талапкерден алынған кез келген ақпарат өз еркімен беріледі және олар құпиялық туралы заңға сәйкес сақталынады. Аталмыш ақпарат студенттер үшін шектеулі мүмкіндіктеріне байланысты мүмкін бұрында орын алған және олардың академиялық үлгеріміне теріс әсер еткен кез келген шиеленістің алдын алу үшін ғана қажет. КИМЭП Университетінде ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларды оқуға қабылдау және тіркеу саны бойынша ешқандай шектеулер жоқ.

Әлеуетті студенттерге жоспарланған оқуға түсу күніне дейін Университет кампусына келіп кетуге кеңес береміз. Қабылдау комиссиясы және/немесе Академиялық қолдау орталығының үйлестірушілері әлеуетті студенттердің академиялық қолдауға мұқтаждығын дұрыстап бағалауы керек. Студент берген кез келген ақпарат қатаң құпия болып табылады.

Егер талапкерден физикалық немесе медициналық шектеулер, оқу барысында ерекше қиыншылықтар немесе тіркеу үлгісін толтыруда ерекше физикалық мұқтаждықтар табылса, онда осы мағлұматтар Медициналық орталықтан Студенттер Академиялық қолдау орталығына беріледі (АҚО). АҚО студентке академиялық қолдауды қамтамасыз етуде студенттің мұқтаждықтарын тағайындау үшін сауалнама кіретін құжаттар пакетін жібереді. Толтырылған сауалнаманы алғаннан кейін, барлық талаптар тиісті академиялық бөлімшеге тапсыру үшін қызмет бабындағы

хат үлгісінде жалпыланып жазылады. АҚО болса, студентке қол жетімді ерекше жағдайлардың толық сипаттамасымен қосымша хат жібереді.

Егер ерекше қажеттіліктері бар талапкер басқа елдің азаматы болса, онда ол жоспарланған келу күніне дейін АҚО-мен алдын ала хабарласуы тиіс. Бұл АҚО-ға студенттің мұқтаждықтарын алдын ала анықтауға және талапкерге ерекше қажеттіліктері бар студенттердің академиялық қолдау түрлерін нақты сипаттамасын беруге мүмкіндік береді.

Пәндерге тіркелудегі артықшылықтар

ерекше қажеттіліктері бар құжатпен расталған студенттер оқу пәндеріне алдын ала тіркелуге құқықтары бар. Студенттер өткісі келетін пәндердің тізімін тіркеу кезеңі басталуына үш апта қалғанда тапсырулары керек. Бұл студенттер үшін оқу кестесін аса ыңғайлы жоспарлау мүмкіндігін беру, сабақтар арасындағы тиісті үзілістерді резервте сақтауда көмектесу және қол жетімді бөлмелерде пәндердің өтуін қамтамасыз ету мақсатында жасалынады. Алдын ала тіркеуге өтініш берудің алдында, барлық студенттер өзінің оқу бағдарламасына сәйкес пәндерге дұрыс тіркелу мақсатында академиялық қолдау орталығының үйлестірушісіне жүгінуі керек.

Академиялық қолдау

Академиялық қолдауға жататындар (төменде көрсетілгендермен шектеліп қана қоймайды):

- Соңғы бақылаудан өту кезеңін созу
- Соңғы бақылаудан өту үшін басқа орын беру
- Дәрісті таспаға жазуға рұқсат
- Сабақтарда қолданылатын конспектілердің көшірмесі
- Өз еркімен дауыстап оқып беруші
- Конспектілер/ сабақтардың жазбалары
- Балама форматтағы баспа материалдары
- Емтихандарға тамақ пен сусындар алып келуге рұқсат
- Нашар еститіндерге жазбаша нұсқаулықтар
- Нашар көретіндерге әріптері үлкейтілген материалдар

Академиялық қолдауды сұрау

Қажет болатын кез келген академиялық қолдауды студенттерге тікелей оқытушымен талқылауға кеңес беріледі. Оқытушымен өзінің мұқтаждықтарын талқылау оқытушыға студенттің жағдайын жақсы түсінуге көмектеседі және студентті жеке тұлға ретінде білуге мүмкіндік береді.

Академиялық қолдауды алу үшін студенттер төмендегілерді орындаулары керек:

1. Тез арада өтініш беріп, академиялық қолдауға мұқтаждығын растайтын құжаттарды тапсыру
2. Академиялық қолдау орталығының «Академиялық қолдауды алуға өтінішінде» көрсетілген барлық ақпаратты тапсыру.
3. АҚО-дан академиялық қолдауды беру туралы «карточканы» алу

4. Оқытушыға карточканы көрсету және **өз мұқтаждықтарын түсіндіріп, академиялық қолдауды беру мүмкіндігін талқылау**. Сабақтың алдында немесе одан кейін карточканы оқытушыға жай көрсету – **жеткіліксіз**.
5. Әр емтихан алдында оқытушыға өзінің академиялық қолдауға мұқтаждығы туралы, дайындыққа ұзағырақ уақыт және/немесе емтиханға тыныш бөлме керек екендігін ескерту қажет.
6. Студент әр белгілі бір оқытушыдан сабақтарда академиялық қолдау алуға өзі жауапты. **Егер басқа шарттар оқытушымен талқыланбаған болса, тестілеу және емтихандар кестеде белгіленген уақытта өтуі тиіс**. Ұзағырақ уақыт және/немесе емтиханға тыныш бөлме туралы өтініштер бірнеше тәсілдермен шешілуі мүмкін.

Оқытушылармен академиялық қолдауды талқылау

Ерекше қажеттіліктері бар табиғатын (мүгедектіктің өзін емес) оқытушылармен талқылау студенттердің мұқтаждықтарын олардың түсінуі үшін міндетті шарт болып табылады. Одан әрі аталмыш тақырыпты оқытушылармен жақсылап талқылауға бірнеше кеңес беріледі.

1. Алдын ала жоспарлаңыз – оқытушылардың кейбіреуі белгілі бір академиялық мұқтаждықтармен немесе шарттармен таныс болмауы мүмкін; сондықтан да біз сізге сұхбаттың сценарийін жазуға және қалайша сіздің жағдайыңыз оқу үрдісіне әсер ететінін қысқаша алдын ала дайындап алуыңызға кеңес береміз.
2. Кездесу туралы келісіп алыңыз – оқытушымен кездесуге алдын ала келісіп алу оған еш алаңдамастан сізді тыңдауға жеткілікті уақыт бөлуге мүмкіндік береді. Кездесу кезінде оқытушыдан академиялық қолдау неден тұратындығын және ол қалай ұйымдастырылатындығын анықтап алыңыз.
3. Өз дегеніңізден қайтпаңыз, бірақ сыпайы болыңыз – академиялық қолдау сіздің заңды құқығыңыз болып табылады, алайда ұйымдастырушылық мезеттер оқытушыға қосымша жұмыстың пайда болуын білдіруі мүмкін. Академиялық қолдауға қатысты талап етушілік екпінге қарағанда, оқытушымен қызметтестікте болу аса тиімді тәсіл болып табылады.
4. Оқытушыларға академиялық қолдауға қатысты келіскендіктеріңіз жайлы ескертіп отырыңыз. Емтихан күні кез келген проблемадан аулақ болу үшін емтихан тапсыру кезінде ерекше шарттар туралы оқытушыға алдын ала ескертуге кеңес беріледі.

Оқытушылардың жауапкершіліктері

- Оқытушыларға академиялық адалдық ұстанымдарын бұзуға және бір немесе басқа пән бойынша талап етілетін түсіну немесе құзырет деңгейін көрсетуге шамасы келмеген студенттерге өту балын қоюға тыйым салынады. Академиялық қолдауды бергенге қарамастан, оқытушылар ерекше қажеттіліктері бар студенттердің үлгерімін басқа кез келген студенттердің үлгерімі сияқты бағалауға міндетті.
- Академиялық қолдауды беру кезінде қиыншылықтар сезінетін немесе ондай қолдауды беруге келіспейтін оқытушы студенттер академиялық қолдау орталығының қызметкерлерімен немесе тәрбие ісі жөніндегі проректордың орынбасарымен міндетті түрде хабарласуы керек.

- Егер оқытушы мен Орталықтың қызметкерлері академиялық қолдау мәселелерінде келісімге келе алмаса, олар орын алған жағдайды шешу мақсатында академиялық мәселелер жөніндегі вице-президентке жүгінулері керек.
- Студенттер академиялық қолдауды беру туралы карточканы оқытушыларға көрсетпесе, олар академиялық қолдауды бермейді.
- Оқытушылар тұсаукесерлерді, оқу құралдарын, тарату материалдарын, БАҚ, интернет-сайттарын қоса алғанда барлық оқу материалдарының бар болуын және жеткіліктігін қамтамасыз етуге міндетті.
- Студенттерге қатысты мәселелерде құпиялылықты сақтауға міндетті.

Тұрғын үй қызмет көрсетулері

Ерекше қажеттіліктері бар студенттер үшін тұрғын үй жағдайларын іздеу және таңдау қызметінде Тұрғын үй бөлімі қызметкерлері артықшылық берулері керек. Университет аймағындағы кейбір тұрғын үй бөлмелері ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға, керең, нашар еститін, нашар көретін студенттер мұқтаждықтарына түрлендірілуі мүмкін. Басымдылық қолдау және лайықты баспана алу мақсатында студент тұрғын үй бөліміне ерекше қажеттіліктері бар құжаттық дәлелдемесін тапсыруы қажет.

Мінез-құлық ережелері

Ерекше қажеттіліктері бар студенттердің лайықсыз мінез-құлқын ақтамайды.

- Егер ол Университеттегі мінез-құлық кодексін сақтай алмаса немесе өз қауіпсіздігі мен басқа тұлғалардың қауіпсіздігіне қатаң қатер төндірсе, студентке жалпы тәжірибеден ерекшелік қолданбайды.
- Мінез-құлық ережесін бұзғаны үшін Университет ерекше қажеттіліктері бар студентке кез келген студентке бірдей қолданылатын тәртіп жөніндегі жаза қолдануға құқығы бар.
- Студентке жазып берген дәрілерді ішуден бас тартудан пайда болған жағдайдағы лайықсыз мінез-құлық ақталынбайды.

Арыз және шағым берудің ішкі тәртіптері

Берілген қызмет көрсетуге, баспана немесе университеттік тәжірибелер мен талаптарды түрлендіруге қатысты мазасыздық сезінетін студенттер проблеманы тез шешу мақсатында Университеттің уәкілетті қызметкерлеріне, яғни оқытушыларға, студенттік мәселелер жөніндегі декандар немесе директорларға өздерінің мазасыздықтарын жеткізуге кеңес беріледі. Академиялық қолдау орталығы беретін ерекше қажеттіліктері бар студенттерге беретін қызмет көрсетулерге тікелей қатысты арыздар немесе апелляциялар тәрбие ісі жөніндегі проректордың орынбасарға тез арада хабарлануы керек. Аталмыш лауазымды тұлға мәселені қарастырып, оны өз күшімен шешу үшін шаралар қолданады. Егер мәселе аталмыш құзырет аясында шешілмесе, студент арыз беру және апелляцияны талап ету бірінші проректорға хабарласу керек.

Барлық арыздар жазбаша түрінде беріледі. Арыздың ішіне арыз берушінің аты-жөні, ID номері және тиісті жағдайдың сипаттамасы кіруі керек.